

Сырым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 25-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 сәуірде № 5176 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2021 жылғы 4 тамыздағы № 8-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 04.08.2021 № 8-15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 98 "Батыс Қазақстан облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3914 тіркелген, 2015 жылғы 26 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Сырым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.
2. Аудандық мәслихат аппаратының бас маманы (А.Орашева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

Б. Таскалиев

III. Дүйсенгалиева

Сырым аудандық
мәслихатының 2018 жылғы
6 сәуірдегі № 25-2 шешіміне
қосымша

Сырым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объект	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1.	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,86
2.	Жатақханалар, интернаттар және тағы сол сияқтылар	1 орын	0,52
3.	Қонақ үйлер, демалыс үйлері	1 орын	0,65
4.	Балабакшалар, бебекжайлар	1 орын	0,26
5.	Мекемелер, үйымдар, оғистер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,77
6.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,95
7.	Мектептер және өзге де оку орындары	1 оқушы	0,12
8.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,10
9.	Ойын-сауық орталықтары	1 орын	0,18
10.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,07
11.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
12.	Дүкендер, супермаркеттер, базарлар, сауда павильондары, дүнгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,25
13.	Азық-тұлік және өнеркәсіп тауарларының қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,08
14.	Халықта қызмет көрсету орталықтары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,09
15.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,07
16.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобильдерге жанармай құю бекеттері, гараждар	1 машина-орын	1,30
17.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,24
18.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,43
19.	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательелері	Жалпы алаңы 1 м ²	0,14
20.	Аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,39
21.	Шағын жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және тағы басқалар)	1 жұмыс орны	1,17
22.	Моншалар, саunalар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,10
23.	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар үйымдастыратын зандау тұлғалар	1 0 0 0 қатысушы	0,16

Аббревиатураның толық жазылуы:

м²- шаршы метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК